

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 3 наурыздағы N 202 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 6 шілдедегі N 639 Қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007 жылғы 23 қазандағы N 987 Қаулысымен.

Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007 жылғы 23 қазандағы N 987 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. "Табиғат қорғау заңнамасын бұзушылыққа қарсы күрес және өсімдіктер мен жануарлар дүниесінің биологиялық әртүрлілігін сақтау мәселелері жөніндегі комиссия құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 3 наурыздағы N 202 қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) табиғат қорғау заңнамасын бұзушылыққа қарсы күрес және өсімдіктер мен жануарлар дүниесінің биологиялық әртүрлілігін сақтау мәселелері жөніндегі комиссияның құрамына мыналар енгізілсін:

Айтжанов - Қазақстан Республикасының Ауыл
Дулат Нулиұлы шаруашылығы вице-министрі,
төрағаның орынбасары

Петров - Қазақстан Республикасының Төтенше
Валерий Викторович жағдайлар вице-министрі

Сәрсембаев - Қазақстан Республикасының Қоршаған
Зейнолла Сәкенұлы ортаны қорғау вице-министрі

Тоқсайытов - Қазақстан Республикасы Ішкі істер
Қанат Тәупекұлы министрлігі Әкімшілік полициясы
комитетінің төрағасы

Қанатов - Қазақстан Республикасы Қаржы
Сәбит Сарқытұлы министрлігінің Салық комитеті
төрағасының орынбасары

Тұрымбаев - Қазақстан Республикасы Ауыл
Сергей Тұрымбайұлы шаруашылығы министрлігі Орман
және аңшылық шаруашылығы
комитетінің бөлім бастығы, хатшы

мына:

"Есімов - Қазақстан Республикасы Премьер-
Ахметжан Смағұлұлы Министрінің орынбасары, төраға"

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Есімов - Қазақстан Республикасының Ауыл
Ахметжан Смағұлұлы шаруашылығы министрі, төраға"

"Хадыркеев - Қазақстан Республикасы Ауыл
Наурызбай Абдулбахиұлы шаруашылығы министрлігі Орман
және аңшылық шаруашылығы
комитетінің төрағасы, хатшы"

деген жолда "хатшы" деген сөз алынып тасталсын;
көрсетілген комиссияның құрамынан Асқар Исабекұлы Мырзахметов,
Нұрахмет Құсайынұлы Бижанов, Нұрлан Шайхыұлы Ысқақбаев, Алик
Жатқамбайұлы Шпекбаев, Арман Қайратұлы Евниев, Жамбыл Лесбекұлы
Бекжанов шығарылсын;

2) көрсетілген қаулымен бекітілген Табиғат қорғау заңнамасын бұзушылыққа
қарсы күрес және өсімдіктер мен жануарлар дүниесінің биологиялық әртүрлілігін
сақтау мәселелері жөніндегі комиссия туралы ережеде:

7-тармақ алынып тасталсын;

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Комиссия төрағасы оның қызметіне басшылық етеді, комиссия
отырыстарында төрағалық етеді, оның жұмысын жоспарлайды, оның
шешімдерінің іске асырылуына жалпы бақылауды жүзеге асырады және
комиссия жүзеге асыратын қызмет, сондай-ақ салааралық, ведомствоаралық
үйлестіру үшін және комиссия әзірлейтін шешімдер үшін қолданыстағы
заңнамаға сәйкес дербес жауапты болады. Төраға болмаған кезде оның
функцияларын орынбасар орындайды.";

10-тармақ мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Хатшы комиссия мүшесі болып табылмайды.";

12-тармақ алынып тасталсын;

14-тармақ "мүшелері" деген сөзден кейін "алмастыру құқығынсыз оның
қызметіне қатысады және" деген сөздермен толықтырылсын;

16-тармақ мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Комиссияның жұмыс органы комиссия жұмысын ұйымдық-техникалық
қамтамасыз етуді жүзеге асырады.".

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі